

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 71 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 7 ақпандағы № 26 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 22 ақпанда № 18340 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 18 мамырдағы № 71 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 71 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11534 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 3-қосымшаға сәйкес бекітілген "Микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 6-қосымшаға сәйкес бекітілген "Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттарды қабылдау және беру бойынша қызмет көрсетуінің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

Көрсетілетін қызметті алушы үміткерлер тағайындалған (сайланған) күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешікпейтін мерзімде оларды келісу үшін

көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың толық топтамасын (үміткерлерді, жауапты адамдарды, байланыс телефондарының нөмірлерін және электрондық пошта мекенжайларын көрсетіп) ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9, 9-1 және 10-тармақтарында көзделген құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші үміткерді келісу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартады және 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге құжаттардың топтамасын қараусыз қайтарады.

Ұсынылған құжаттар осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9, 9-1 және 10-тармақтарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші оларды жою және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсыну үшін ескертулермен көрсетілетін қызметті алушыға хат жібереді. Бұл ретте уәкілетті органның үміткерді келісуге арналған құжаттарды қарау мерзімі үзілмейді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерінің, холдингтің, Қордың басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру кезінде ақылы негізде көрсетіледі. Алымның мөлшерлемесі 25 (жиырма бес) айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Мемлекеттік қызмет бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алудан үміткер немесе лицензиялары бар заңды тұлғалардың, орталық депозитарийдің басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру кезінде тегін көрсетіледі.

Алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.";

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;"

9-тармақта:

2) тармақша алып тасталсын;

5) тармақшада:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"5) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14784 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 305 қаулысымен бекітілген Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларына және келісім алу үшін қажетті құжаттардың тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Басшы қызметкерлердің құрамындағы өзгерістер туралы мәліметтер ұсынылғанға дейін өтініш жасаған жағдайда, үміткердің тағайындалған (сайланған) күні көрсетілген көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органының шешімінен үзінді-көшірме не үміткерді тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі.";

он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органының шешімінен үзінді-көшірме осы құжатқа қол қоюға уәкілетті қызметкердің (қызметкерлердің) қолымен куәландырылады және үзінді-көшірменің дұрыс екендігі көрсетіледі,";

7), 9) және 10) тармақшалар алып тасталсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған, бірнеше парақтан тұратын құжаттар нөмірленген және соңғы парақтың сырт жағына жапсырылған жапсырмада тігілген парақтардың саны көрсетіліп тігілген, көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органы басшысының (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын адамның) не оның міндеттерін орындайтын адамның (міндеттерді орындаудың жүктелгені туралы растайтын құжаттың көшірмесін ұсына отырып) қолымен расталған күйінде ұсынылады.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды қоспағанда, құжаттардың көшірмелері олардың дұрыстығы көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті алушының лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органы басшысының (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын адамның) не оның міндеттерін орындайтын адамның (міндеттерді орындаудың жүктелгені туралы растайтын құжаттың көшірмесін ұсына отырып) қолымен расталады.";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, холдингтің, Қордың басшы қызметкерін келіскен кезде көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініш жасаған кезде "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, холдингтің, Қордың басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) келісім бергені үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі қосымша ұсынылады.";

10-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) электрондық сұрау салуға қоса берілетін ("электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда), осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3), 4), 5), 6), 8), 11) және 12) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) және 9-1-тармағында көрсетілген құжаттар. Көрсетілетін қызметті алушы – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алудан үміткер немесе лицензиялары бар заңды тұлғалар, орталық депозитарий өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызмет көрсетілген жағдайда, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында көзделген құжат ұсынылмайды.";

11-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Банктер туралы заңның 20-бабының 8-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабының 8-тармағында, Кепілдік беру қоры туралы заңның 4-1-бабының 4-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 54-бабының 7-тармағында, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 55-бабының 6-тармағында белгіленген негіздер;"

қосымшаға сәйкес нысан бойынша Басшы қызметкердің лауазымына үміткер туралы мәліметтер осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 9-қосымшаға сәйкес бекітілген "Банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі алымның мөлшерлемесі:

1) жеке тұлғалар үшін – 100 (бір жүз) айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК);

2) заңды тұлғалар үшін – 500 (бес жүз) АЕК-ті құрайды.

Алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен

немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.";

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;"

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 20 және 21-тармақтарында көзделген жағдайларда көрсетілетін қызметті берушіге банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді алу үшін өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін "электрондық үкімет" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді беру үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі қосымша ұсынылады.";

10-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көрсетілетін қызметті алушының тиісті органының банктің акцияларын иелену туралы шешімінің көшірмесі.

Егер көрсетілетін қызметті алушы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 61-4 және 61-11-баптарында көзделген операцияны жүзеге асырған банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуші банк немесе Қазақстан Республикасының бейрезиденті-қаржы ұйымы болып табылса, көрсетілетін қызметті алушы органының банктің акцияларын иелену туралы шешімінің көшірмесі ұсынылады;"

11-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "Банктер туралы заңның 17-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тізбесін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) белгілейтін халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірі тағайындаған көрсетілетін қызметті алушының кредиттік рейтингі туралы мәліметтер.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Көрсетілетін қызметті алушы порталға өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлға:

мыналарда:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2), 3), 4), 5), 8) және 9) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 6) және 7) тармақшаларында (электрондық құжаттар түрінде) және 9-1-тармағында ("электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде) көрсетілген құжаттар;

3) егер көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлға уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісімін алмай, сыйға тарту шарты негізінде банктің ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келген жағдайда, ол тиісті мәртебені иелену туралы өтінішті берген кезде:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 21-тармағында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттар қосымша ұсынылады;

4) банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін көрсетілетін қызметті алушы-Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлға:

мыналарда:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында ("электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде), 10-тармағының 2), 3), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 4) және 10) тармақшаларында (электрондық құжаттар түрінде) көрсетілген құжаттар;

5) орналастырылған (артықшылық берілген және банк сатып алған) акциялардың 25 (жиырма бес) немесе одан көп пайызын құрайтын иелену үлесімен банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге ниет білдіретін көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлғалар, сондай-ақ банк холдингі мәртебесін иеленуге ниет білдіретін көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғалар осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9, 9-1, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 және 21-тармақтарында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерге қоса бизнес-жоспарын (PDF форматындағы құжаттың электрондық көшірмесі түрінде);

6) көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлға бірнеше қаржы ұйымының ірі қатысушы, банк холдингі мәртебесін иеленуге келісімді бірмезгілде алу үшін электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет

стандартының 9-1-тармағында ("электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде) және 13-тармағында көрсетілген (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) құжаттарды ұсынады;

7) Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғасы болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы бірнеше қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісімді бірмезгілде алу үшін:

мыналарда:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында ("электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде);

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағының 2), 3), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде);

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағының 4) және 10) тармақшаларында (электрондық құжаттар түрінде) көрсетілген құжаттарды ұсынады;

8) банк холдингі мәртебесін алуға ниет білдірген көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1, 10, 11 және 12-тармақтарында көзделген құжаттар мен мәліметтерден басқа осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 17-тармағында көрсетілген, электрондық сұрау салуға қоса берілетін құжаттарды (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) ұсынады.

Жеке басты куәландыратын, алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығын растайтын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлға не көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғаның басшы қызметкері:

бұдан бұрын, уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға апарған банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін, не Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымын басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, қаржы ұйымының ірі қатысушысы - жеке тұлға, ірі қатысушысы (банк холдингі) - заңды тұлғаның басшысы болған. Көрсетілген талап уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға апарған банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағаннан кейін, не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады. Бұл талап көрсетілген банктердің акцияларын Банктер туралы заңның 17-2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі не ұлттық басқарушы холдинг иеленгенге дейін тағайындалған (сайланған) басшы қызметкерлерді қоспағанда, дауыс беретін акцияларының 50 (елу) және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама түрде тиесілі, өздеріне қатысты Банктер туралы заңға сәйкес қайта құрылымдау жүзеге асырылған банктердің басшы қызметкерлеріне қолданылмайды;

осы және (немесе) өзге де қаржы ұйымында басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) берілген келісім кері қайтарып алынған адам банктің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Көрсетілген талап уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімін кері қайтарып алу туралы шешімді қабылдағаннан кейін қатарынан соңғы 12 (он екі) ай ішінде қолданылады. Сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған не тағайындалған (сайланған) күнге дейін 3 (үш) жыл бойы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған адам да көрсетілетін қызметті алушының (лицензиаттың) басшы қызметкері болып тағайындалмайды (сайланбайды);

бұдан бұрын, қатарынан 4 (төрт) және одан да көп кезең ішінде шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не өзі бойынша дефолтқа жол берілген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу жөніндегі берешек сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және (немесе) одан да көп мөлшерін құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолт мөлшері төлеу күніне республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын соманы құрайтын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы

органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушысының (ірі акционерінің) - заңды тұлғасының - эмитенттің ірі қатысушы (ірі акционері) - жеке тұлғасы, басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болған адам банктің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Көрсетілген талап осы тармақшада көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап 5 (бес) жыл ішінде қолданылады;

2) көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жағдайының тұрақсыздығы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Мына талаптардың бірінің болуы көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйі тұрақсыздығының белгісі болып табылады:

көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлға өтініш берген күнге дейін 2 (екі) жылдан аз уақыт бұрын құрылған;

көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелері акцияларға орналастырылған активтер сомасын және басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесін шегергенде оның активтерінен және банктің иеленуге болжанатын акцияларынан асып кетеді;

аяқталған әрбір 2 (екі) қаржы жылының нәтижелері бойынша зиян;

көрсетілетін қызметті алушы міндеттемелерінің мөлшері банктің қаржылық жай-күйі үшін айтарлықтай тәуекел туындатады;

көрсетілетін қызметті алушының банк алдында мерзімі өткен және (немесе) банк балансына жатқызылған берешегінің болуы;

көрсетілетін қызметті алушының банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарына жасалған талдау көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауын болжайды;

көрсетілетін қызметті алушының мүлкінің құны (көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелерін шегергенде) банктің акцияларын иелену үшін жеткіліксіз болса;

көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйі тұрақсыз екендігін және (немесе) банкке және (немесе) оның депозиторларына шығын келтіруі мүмкін екендігін білдіретін өзге негіздер;

3) көрсетілетін қызметті алушы банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуі нәтижесінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасы талаптарының бұзылуы;

4) банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иелену бойынша мәміледе иеленуші тарап тізбесін уәкілетті орган белгілейтін, оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлға (оның ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылатын жағдайлар;

5) көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген банктің ірі қатысушыларына және банк холдингтеріне қойылатын өзге де талаптарды сақтамауы;

6) көрсетілетін қызметті алушының банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарына жасалған талдау банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауын болжаса;

7) Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы-көрсетілетін қызметті алушыда шыққан елінің заңнамасы шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыру өкілеттіктерінің болмауы;

8) банктің орналастырылған акцияларының 10 (он) немесе одан да көп пайызын тікелей иеленуші немесе ең төменгі талап етілетін рейтингі бар банктің дауыс беретін 10 (он) немесе одан да көп акцияларымен дауыс беру мүмкіндігіне немесе банктің ірі қатысушысы болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасының акцияларын (қатысу үлестерін) иелену (дауыс беру) арқылы банктің орналастырылған акцияларының 10 (он) немесе одан да көп пайызын жанама иеленуді немесе банктің дауыс беретін акцияларының 10 (он) немесе одан да көп акцияларымен жанама дауыс беруді көздейтін Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасы үшін аталған рейтингтің болуы талап етілмеген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасы-көрсетілетін қызметті алушыда тізбесі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының 3-тармағында көзделген халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі қажет етілетін рейтингінің болмауы;

9) банктің қаржылық жай-күйі ықтимал нашарлаған жағдайда банкті қайта капиталдандырудың ұсынылған жоспарының тиімсіз болуы;

10) көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлғада, көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғаның басшы қызметкерінде мінсіз іскерлік беделдің болмауы;

11) көрсетілетін қызметті алушы бұрын уәкілетті орган банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде ірі қатысушы - жеке тұлға не ірі қатысушы - заңды тұлғаның

бірінші басшысы және (немесе) қаржы ұйымының басшы қызметкері болып табылған не болып табылатын жағдайлар. Көрсетілген талап уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады;

12) көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлға орналасқан елдің қаржы ұйымдарын шоғырландырылған қадағалау саласындағы заңнаманың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген шоғырландырылған қадағалау жөніндегі талаптарға сәйкес келмеуі;

13) Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымдары болып табылатын ірі қатысушы-заңды тұлғалар және банк холдингтері бойынша – уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган мен көрсетілетін қызметті алушы резидент болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органдары арасында ақпарат алмасуды көздейтін келісімнің болмауы;

14) көрсетілетін қызметті алушы қаржы ұйымы өзі орналасқан елде шоғырландырылған негізде қадағалауға жатпайтын жағдайлар;

15) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк конгломератына қатысушылар орналасқан елдің заңнамасы олардың және банк конгломератының Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген талаптарды орындауына мүмкіндік бермейтіндігіне байланысты банк конгломератына шоғырландырылған қадағалау жүргізудің мүмкін болмауы;

16) банкті ашуға рұқсат беруден бас тарту үшін негіздердің болуы мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тартуға негіз болып табылады.

Егер банк холдингі мәртебесін алғысы келетін тұлға еншілес қаржы ұйымын құратын немесе сатып алатын не қаржы ұйымының капиталына қомақты қатысуды сатып алатын жағдайда, уәкілетті орган ұсынылған құжаттарды қарау кезінде Банктер туралы заңның 11-1-бабының 6-тармағында көзделген бас тарту негіздерін ескереді. Еншілес ұйым құруға (сатып алуға), ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беруден бас тартуға негіздері болған кезде, уәкілетті орган банк холдингі немесе банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беруден бас тартады.";

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлға, көрсетілетін қызметті алушы - заңды тұлғаның басшы қызметкері туралы қысқаша деректер осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлғаның, көрсетілетін қызметті алушы - заңды тұлғаның басшы қызметкерінің мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтер осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушының кірісі және мүлкі туралы мәліметтер, сондай-ақ барлық міндеттемелері бойынша берешегінің болуы туралы ақпарат осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 10-қосымшаға сәйкес бекітілген "Сақтандыру холдингінің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі алымның мөлшерлемесі жеке және заңды тұлғалар үшін 50 (елу) айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.";

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;"

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19 және 20-тармақтарында көзделген жағдайларда көрсетілетін қызметті берушіге сақтандыру холдингінің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді алу үшін өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін "электрондық үкімет" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, сақтандыру холдингінің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді беру үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі де ұсынылады.";

10-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көрсетілетін қызметті алушының тиісті органының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын иелену туралы шешімінің көшірмесі,";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Көрсетілетін қызметті алушы порталға өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін көрсетілетін қызметті алушы жеке тұлға:

мыналарда:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2), 6) және 7) тармақшаларында (электрондық құжат түрінде);

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында (құжаттардың PDF форматындағы электрондық көшірмелері түрінде);

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында ("электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде) көрсетілген құжаттарды;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін көрсетілетін қызметті алушы - Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғасы:

мыналарда:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында ("электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде) көрсетілген құжаттарды;

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағының 4) тармақшасында (электрондық құжат түрінде);

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағының 2), 3), 5), 6), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында (құжаттардың PDF форматындағы электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттарды;

4) бірнеше қаржы ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісімді бірмезгілде алу үшін көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлға электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында ("электрондық үкіметтің"

төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде) және 14-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында (құжаттардың PDF форматындағы электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттар;

5) Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғасы болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы бірнеше қаржы ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісімді бірмезгілде алу үшін:

мыналарда:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында ("электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде) көрсетілген құжаттарды;

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағының 4) тармақшасында (электрондық құжат түрінде);

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағының 2), 3), 5), 6), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттарды;

6) орналастырылған акциялардың (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алған акцияларды қоспағанда) 25 (жиырма бес) немесе одан көп пайызын иелену үлесімен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге ниетті көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлғалар, сондай-ақ сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге ниетті көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғалар Заңның 26-бабында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерге қоса осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 18-тармағында көрсетілген құжаттарды (электрондық құжаттар түрінде) да ұсынады, олар электрондық сұрау салуға қоса беріледі;

7) егер көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлға уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісімін алмай, сыйға тарту шарты негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келген жағдайда, ол тиісті мәртебені иелену туралы өтініш берген кезінде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 19-тармағында көрсетілген құжаттарды (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) да ұсынады, олар электрондық сұрау салуға қоса беріледі;

8) сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге ниетті көрсетілетін қызметті алушы (Қазақстан Республикасының резиденті) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1, 10, 18 және 20-тармақтарында көрсетілген құжаттар мен мәліметтермен қатар осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 21-

тармағында көрсетілген құжаттарды (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) ұсынады, олар электрондық сұрау салуға қоса беріледі.

Жеке басты куәландыратын, алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін растайтын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.";

24-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ұсынылған құжаттардың осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9, 9-1, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22 және 23-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі не уәкілетті органның ұсынылған құжаттар бойынша ескертулерін ол белгілеген мерзімде жоймау;"

2) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бұдан бұрын, уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға апарған банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін, не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымын басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, қаржы ұйымының ірі қатысушысы - жеке тұлға, ірі қатысушысы (сақтандыру холдингі) - заңды тұлғаның басшысы болған. Көрсетілген талап уәкілетті орган қаржы ұйымын мәжбүрлеп таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға апарған банктерді төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағаннан кейін, не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жағдайының тұрақсыздығы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Мына талаптардың бірінің болуы көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйі тұрақсыздығының белгісі болып табылады:

көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлға өтініш берген күнге дейін 2 (екі) жылдан аз уақыт бұрын құрылған;

көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелері акцияларға орналастырылған активтер сомасын және басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесін шегергенде оның активтерінен және банктің иеленуге болжанатын акцияларынан асып кетеді;

аяқталған әрбір 2 (екі) қаржы жылының нәтижелері бойынша зиян;

көрсетілетін қызметті алушы міндеттемелерінің мөлшері банктің қаржылық жай-күйі үшін айтарлықтай тәуекел туындатады;

көрсетілетін қызметті алушының банк алдында мерзімі өткен және (немесе) банк балансына жатқызылған берешегінің болуы;

көрсетілетін қызметті алушының банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарына жасалған талдау көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауын болжайды;

көрсетілетін қызметті алушының мүлкінің құны (көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелерін шегергенде) банктің акцияларын иелену үшін жеткіліксіз болса;

көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйі тұрақсыз екендігін және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) оның клиенттеріне шығын келтіруі мүмкін екендігін білдіретін өзге негіздер;"

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) көрсетілетін қызметті алушы бұрын уәкілетті орган банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде ірі қатысушы - жеке тұлға не ірі қатысушы - заңды тұлғаның бірінші басшысы және (немесе) қаржы ұйымының басшы қызметкері болып табылған не болып табылатын жағдайлар.

Көрсетілген талап уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады;"

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушы жеке тұлға, көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлғаның басшы қызметкері туралы қысқаша деректер осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлғаның, көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлғаның басшы қызметкерінің мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтер осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушының кірісі және мүлкі туралы мәліметтер, сондай-ақ барлық міндеттемелері бойынша берешегінің болуы туралы ақпарат осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 14-қосымшаға сәйкес бекітілген "Инвестициялық пай қорлары пайларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде – олар мемлекеттік тіркеуге ұсынылған күннен кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;"

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;"

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім бар еркін нысанда жасалған өтініш;

2) басқарушы компанияның жарғысына сәйкес оның директорлар кеңесі немесе акционерлерінің жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші жалғыз акционері) қабылдаған инвестициялық пай қорын құру туралы шешімнің көшірмесі;

3) басқарушы компанияның жарғысына сәйкес оның директорлар кеңесі немесе акционерлерінің жалпы жиналысы (дауыс беретін барлық акцияларды иеленуші жалғыз акционері) бекіткен қор қағидалары (екі данада);

4) егер көрсетілген құжаттар бұрын көрсетілетін қызметті берушімен келісілмеген болса, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін басқарушы компания қызметінің

талаптары мен тәртібін, басқарушы компания құрылымдық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің инвестициялық пай қорын құру, қамтамасыз ету, оның жұмыс істеуі және жұмысын тоқтату бойынша қызметін регламенттейтін ішкі құжаттары (екі данада).

Порталда:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) электрондық сұрау салуға қоса берілетін осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3) (құжаттардың PDF форматындағы электрондық көшірмелері түрінде), 4) тармақшаларында (электрондық құжаттар түрінде) көрсетілген құжаттар.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.";

көрсетілген қаулыға 24-қосымшаға сәйкес бекітілген "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 26-қосымшаға сәйкес бекітілген "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банк операцияларына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензияның берілгені үшін лицензиялық алым (әрбір банктік операция үшін жеке) төленеді:

1) осы қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия берілгені үшін лицензиялық алым 400 (төрт жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады." ;

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден

14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;"

9-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;"

15-тармақта:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде);

3) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде бар құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болатын өзгерістер туралы ақпараттан тұратын құжаттардың көшірмелері (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде).";

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9, 10 және 12-тармақтарында көрсетілген бірнеше парақтан тұратын құжаттар нөмірленіп, тігіліп және соңғы парағының сырт жағына тігістің түйініне жапсырылған, тігілген парақтар саны көрсетілген жапсырманың үстіне жартылай баса отырып ұсынылады. Құжаттардың көшірмелері көрсетілетін қызметті алушының осындай құжаттарға қол қою құқығы бар лауазымды адамдарының қолымен расталады.";

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Өтініш осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

14-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша Көрсетілетін қызметті алушының акционері (қатысушысы) туралы мәліметтер (заңды тұлға үшін), Көрсетілетін қызметті алушының акционері (қатысушысы) туралы мәліметтер (жеке тұлға үшін) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 27-қосымшаға сәйкес бекітілген "Ислам банктері жүзеге асыратын банктік және өзге операцияларды жүргізуге арналған лицензияны беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензияның берілгені үшін лицензиялық алым (әрбір банктік операция үшін жеке) төленеді:

1) осы қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия берілгені үшін лицензиялық алым 800 (сегіз жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады."

;

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;"

9-тармақтың 8) тармақшасы алып тасталсын;

13-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3), 4), 5), 6), 9) және 10) (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 7) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі штат кестесі) тармақшаларында көрсетілген құжаттар;"

16-тармақтың 1) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуын қамтамасыз ету;"

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ислам банкінің банктік және өзге операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Өтініш осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 28-қосымшаға сәйкес бекітілген "Банктерге банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензияның берілгені үшін лицензиялық алым төленеді:

1) осы қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия берілгені үшін лицензиялық алым 800 (сегіз жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды (әрбір банктік операция үшін жеке);

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады."

;

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;"

9-тармақтың 8) тармақшасы алып тасталсын;

13-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3), 4), 5), 6) және 9) (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 7) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі штат кестесі) тармақшаларында көрсетілген құжаттар;"

16-тармақтың 1) тармақшасының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуын қамтамасыз ету;"

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Өтініш осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 30-қосымшаға сәйкес бекітілген "Актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш бергенде:

лицензияны берген кезде – 1 (бір) ай ішінде;

лицензияны қайта ресімдеген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

лицензияның телнұсқаларын берген кезде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;"

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензияның берілгені үшін лицензиялық алым төленеді:

1) осы қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия берілгені үшін лицензиялық алым 10 (он) айлық есептік көрсеткішті құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 (бір жүз) пайызын құрайды.

Алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.";

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;"

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге лицензия алу үшін өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініш;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензияны алуға көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер;

3) жоғары білімі туралы дипломның көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқалар берілмеген жағдайда нотариат куәландырған);

4) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы ақы төлеуді қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

5) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17618 болып тіркелген "Актуарийлерді оқытудың ең қысқа міндетті бағдарламасын, халықаралық актуарийлер қауымдастықтарының тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Міндетті актуарлық қорытындының мазмұнына және табыс етілу тәртібіне қойылатын талаптарды, Тестілеу өткізу қағидаларын, Актуарийдің біліктілігін растауға қойылатын талаптарды, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептеулердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидаларын және мерзімдерін, актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензияның, актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініштің және актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға өтініш беруші туралы мәліметтердің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 191 қаулысына (бұдан әрі – №191 қаулы) 1-қосымшаға сәйкес бекітілген Актуарийлерді оқытудың ең қысқа міндетті бағдарламасы бойынша көрсетілетін қызметті алушының оқудан өткеніне және тиісті емтихандарды сәтті тапсырғанына лицензия алғандығын білдіретін құжаттардың көшірмелері және (немесе) № 191 қаулыға 9-қосымшаға сәйкес бекітілген нысан бойынша Актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға өтініш беруші туралы мәліметтерде көрсетілген талаптарға сәйкес келетін магистр дипломының көшірмесі;

б) Қазақстан Республикасының бейрезидент-жеке тұлғалары үшін – № 191 қаулыға 2-қосымшаға сәйкес бекітілген Халықаралық актуарийлер қауымдастықтарының тізбесіне және оларға қойылатын талаптарға сәйкес

актуарийдің мәртебесін және актуарийлердің халықаралық қауымдастықтарында мүшелігін растайтын құжаттардың көшірмелері;

7) өтініш берушінің лицензия алуға № 191 қаулыға 1-қосымшаға сәйкес бекітілген Актуарийлерді оқытудың ең қысқа міндетті бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін халықаралық емтихандарды тапсырғанын растайтын құжаттардың көшірмелері (бар болса);

8) № 191 қаулыға 9-қосымшаға сәйкес бекітілген нысан бойынша Актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға өтініш беруші туралы мәліметтерде көрсетілген талаптарға сәйкес келетін жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын құжаттың көшірмесі.

Сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия " Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 40-бабының 3-тармағында көзделген талаптар сақталған жағдайда беріледі. ";

11-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) еркін нысанда жазылған өтініш;";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Көрсетілетін қызметті алушы порталға өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

лицензия алу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы ақы төлеген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымды төлеу туралы құжат (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде);

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес мәліметтердің электрондық түріндегі), 3), 5) және 6) (құжаттардың электрондық көшірмелері түріндегі) тармақшаларында көрсетілген электрондық сұрау салуға қоса тіркелетін құжаттар.

Лицензияның телнұсқасын алу үшін (егер бұдан бұрын берілген лицензия қағаз нысанында ресімделген болса):

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы ақы төлеген жағдайларды қоспағанда, лицензияның телнұсқасын беру кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымды төлеу туралы құжат (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде).

Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы ақы төлеген жағдайларды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеген кезде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымды төлеу туралы құжат (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде);

3) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпараты бар құжаттардың көшірмелері (құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) ұсынылады.";

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Жеке басын куәландыратын құжаттар, лицензия туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Мыналар:

1) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі;

2) Заңның 60-бабы 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша лицензиядан айыру туралы деректердің болуы;

3) көрсетілетін қызметті беруші жүргізген тестілеудің теріс нәтижесі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.";

1-қосымшаға сәйкес Актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініш осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 31-қосымшаға сәйкес бекітілген "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде:

лицензия берген кезде – 30 (отыз) жұмыс күні ішінде;

лицензияны қайта ресімдеген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті алушыны бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырған жағдайда, лицензияны қайта ресімдеген кезде – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияның телнұсқаларын берген кезде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін мынадай лицензиялық алым төленеді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 500 (бес жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды (әрбір сақтандыру сыныбы үшін жеке);

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызы болады.

Лицензиялық алымды төлеуді екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырады.";

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кестесі - сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4232 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 15 сәуірдегі № 102 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын автоматтандыруға қойылатын талаптар туралы нұсқаулықта, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8596 болып тіркелген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысымен бекітілген Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15084 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 47 қаулысымен бекітілген Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері жөніндегі іс-шаралардың орындалғанын куәландыратын құжаттар;

4) барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге (осындайлар бар болса) жарғының көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда, жарғының нотариат куәландырған көшірмесі);

5) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі – Заң) 34-бабының талаптарына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерлері лауазымына ұсынылатын адамдардың құжаттары;

6) ең төменгі мөлшері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11751 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 95 қаулысымен бекітілген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының нормативтік мәндері мен пруденциялық нормативтерді есептеу әдістемесін және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді белгілеу жөніндегі нұсқаулықта және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінде және оларды есептеу әдістемесінде айқындалған жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінің толық төленгенін растайтын құжаттар құрылтайшылардың, акционерлердің оны төлегенін растайтын төлем құжаттары (төлем тапсырмалары, кіріс касса ордерлері), сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік болып табылады;

7) сақтандыру қызметін немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асырудың ішкі қағидалары, олар мыналарды айқындайды:

шаруашылық қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы бөлімшелерінің құрылымын, міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерін;

ішкі аудит қызметінің және басқа да тұрақты жұмыс істейтін органдардың құрылымын, мүшелер санын, міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерін;

көрсетілетін қызметті алушының техникалық (сақтандыру), инвестициялық, кредиттік, операциялық, нарықтық және басқа да тәуекелдерді басқару бойынша саясатын ашатын тәуекелдерді басқару жүйесін;

шаруашылық қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерді қоспағанда, құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтары мен міндеттерін;

көрсетілетін қызметті алушының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің оның атынан және оның есебінен мәмілелерді жүзеге асырған кездегі өкілеттіктерін;

8) көрсетілетін қызметті алушының ішкі аудит қызметі туралы, мынадай мәліметтер қамтылатын ереже:

ішкі аудит қызметінің құрылымы туралы ақпарат;

ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары;

ішкі аудит қызметінің құқықтары мен міндеттері;

ішкі аудит қызметінің басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-әрекет жасау тәртібі туралы ақпарат;

өзі жүзеге асыратын қызметтің сипаты мен ауқымдарын ескере отырып, көрсетілетін қызметті алушының бүкіл қызметін немесе бір бөлігін аудиторлық тексеру кезеңділігі;

9) көрсетілетін қызметті алушының штатында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сақтандыру нарығында актуарий қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийдің болуы туралы мәліметтер;

10) акционерлердің жалпы жиналысының исламдық қаржыландыру қағидаттары бойынша кеңесті тағайындау туралы шешімі (исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін);

11) егер Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде көрсетілетін қызметті алушыны мәжбүрлеп тарату кезінде сақтандыру шарттары бойынша сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға көрсетілетін қызметті алушының міндетті қатысуы белгіленген болса, осындай ұйымға қатысу шартының нотариат куәландырған көшірмесі;

12) Заңның және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес дерекқорға қатысуын растайтын құжаттар.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде жазылған талаптар жұмыс істеп тұрған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қолданылмайды.";

10-тармақта:

3) тармақшада:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3) сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар актуарий қол қойған, сақтандыру сыныбы (сыныптары) бойынша бизнес-жоспар.";

он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Актуарий қол қойған сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспарда Заңның 37-бабының 3-тармағында көзделген ақпарат қамтылады және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) тігілген және нөмірленген түрде, соңғы парағының сыртқы жағындағы тігіс түйініне желімделген жапсырма қағазда тігілген парақтардың саны көрсетіле отырып, бір данада беріледі. Сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспардың титул парағында жоғарғы оң бұрышында мынадай айқындама болады: (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы) "Директорлар кеңесі бекітті 20__ жылғы " __ " _____ № __ хаттама".";

4) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Сақтандыру қызметін жүзеге асыруға немесе сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуын қамтамасыз етеді.";

13-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтердің электрондық нысаны түрінде көрсетілген уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша іс-шаралар орындалғанын білдіретін құжаттар), 4), 6), 10), 11) және 12) (PDF форматындағы

құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 5) ("Қаржы ұйымдарының, банк , сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін сайлауға (тағайындауға) келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының талаптарына сәйкес), 7) және 8) (электрондық құжаттар түрінде), 9) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтердің электрондық нысаны түрінде) тармақшаларында, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағының 3) тармақшасында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттар электрондық сұрау салуға қоса беріледі.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы:

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасында алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін растайтын;

Қазақстан Республикасының резидент - заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.";

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында актуарийдің болуы туралы мәліметтер осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша іс-шаралардың орындалғанын білдіретін құжаттар осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 32-қосымшаға сәйкес бекітілген "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде:

лицензия берген кезде – 30 (отыз) жұмыс күні ішінде;

лицензияны қайта ресімдеген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті алушыны бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырған жағдайда лицензияны қайта ресімдеген кезде – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияның телнұсқаларын берген кезде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;"

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін мынадай лицензиялық алым төленеді:

1) жалпы сақтандыру саласындағы қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 500 (бес жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды (әрбір сақтандыру сыныбы үшін жеке);

2) қайта сақтандыру бойынша қызметпен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 200 (екі жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды;

3) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды;

4) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз нысанда " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.";

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кестесі - сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;"

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4232 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 15 сәуірдегі № 102 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын автоматтандыруға қойылатын талаптар туралы нұсқаулықта, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8596 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысымен бекітілген Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15084 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 47 қаулысымен бекітілген Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері жөніндегі іс-шаралардың орындалғанын куәландыратын құжаттар;

4) барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге (осындайлар бар болса) жарғының (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда , нотариат куәландырған) көшірмесі;

5) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 34-бабының талаптарына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерлерінің лауазымына ұсынылатын адамдардың құжаттары;

6) ең төменгі мөлшері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11751 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 95 қаулысымен бекітілген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының нормативтік мәндері мен пруденциялық нормативтерді есептеу әдістемесін және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді белгілеу жөніндегі нұсқаулықта және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінде және оларды есептеу әдістемесінде айқындалған жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінің толық төлегенін растайтын құжаттар құрылтайшылардың, акционерлердің оны төлегенін растайтын төлем құжаттары (төлем тапсырмалары, кіріс касса ордерлері), сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік болып табылады;

7) сақтандыру қызметін немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асырудың ішкі қағидалары, олар мыналарды айқындайды:

шаруашылық қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы бөлімшелерінің құрылымын, міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерін;

ішкі аудит қызметінің және басқа да тұрақты жұмыс істейтін органдардың құрылымын, мүшелер санын, міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерін;

көрсетілетін қызметті алушының техникалық (сақтандыру), инвестициялық, кредиттік, операциялық, нарықтық және басқа да тәуекелдерді басқару бойынша саясатын ашатын тәуекелдерді басқару жүйесін;

шаруашылық қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерді қоспағанда, құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтары мен міндеттерін;

көрсетілетін қызметті алушының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің атынан және оның есебінен мәмілелерді жүзеге асырған кездегі өкілеттіктерін;

8) көрсетілетін қызметті алушының ішкі аудит қызметі туралы мынадай мәліметтер қамтылатын ереже:

ішкі аудит қызметінің құрылымы туралы ақпарат;

ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары;

ішкі аудит қызметінің құқықтары мен міндеттері;

ішкі аудит қызметінің басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-әрекет жасау тәртібі туралы ақпарат;

өзі жүзеге асыратын қызметтің сипаты мен ауқымын ескере отырып, көрсетілетін қызметті алушының бүкіл қызметін немесе бір бөлігін аудиторлық тексеру кезеңділігі;

9) көрсетілетін қызметті алушының штатында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сақтандыру нарығында актуарий қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийдің болуы туралы мәліметтер;

10) акционерлердің жалпы жиналысының исламдық қаржыландыру қағидалары бойынша кеңесті тағайындау туралы шешімі (исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін);

11) егер Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде көрсетілетін қызметті алушыны мәжбүрлеп тарату кезінде сақтандыру шарттары бойынша сақтанушыларға (

сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға көрсетілетін қызметті алушының міндетті түрде қатысуы белгіленген болса, осындай ұйымға қатысу шартының нотариат куәландырған көшірмесі;

12) Заңның және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес дерекқорға қатысуын растайтын құжаттар.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде жазылған талаптар жұмыс істеп тұрған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қолданылмайды.";

10-тармақта:

3) тармақшада:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3) сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар актуарий қол қойған сақтандыру сыныбы (сыныптары) бойынша бизнес-жоспар.";

он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Актуарий қол қойған сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспарда Заңның 37-бабының 3-тармағында көзделген ақпарат қамтылады және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) тігілген және нөмірленген түрде, соңғы парағының сыртқы жағындағы тігіс түйініне желімделген жапсырма қағазда тігілген парақтардың саны көрсетіле отырып, бір данада беріледі. Сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспардың титул парағында жоғарғы оң бұрышында мынадай айқындама болады: (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы) "Директорлар кеңесі бекітті 20__ жылғы " __ " _____ № __ хаттама".";

4) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Сақтандыру қызметін жүзеге асыруға немесе сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуын қамтамасыз етеді.";

13-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтердің электрондық нысаны түрінде көрсетілген

уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша іс-шаралардың орындалғанын білдіретін құжаттар), 4), 5), 6), 10), 11) және 12) (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 7) және 8) (электрондық құжаттар түрінде) тармақшаларында, 9) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтердің электрондық нысаны түрінде) тармақшасында, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағының 3) және 4) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттар электрондық сұратуға қоса беріледі.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы:

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасында алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін растайтын;

Қазақстан Республикасының резидент - заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.";

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында актуарийдің болуы туралы мәліметтер осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша іс-шаралардың орындалғанын білдіретін құжаттар осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 33-қосымшаға сәйкес бекітілген "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандырудың түрлеріне немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың

жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандырудың түрлері бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде:

лицензия берген кезде – 30 (отыз) жұмыс күні ішінде;

лицензияны қайта ресімдеген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті алушыны бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырған жағдайда лицензияны қайта ресімдеген кезде – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияның телнұсқаларын берген кезде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;"

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін мынадай лицензиялық алым төленеді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 500 (бес жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды (әрбір сақтандыру сыныбы үшін жеке);

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды.

Алымды төлеу қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз нысанда "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.";

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кестесі - сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;"

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4232 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 15 сәуірдегі № 102 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын автоматтандыруға қойылатын талаптар туралы нұсқаулықта, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8596 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысымен бекітілген Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15084 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 47 қаулысымен бекітілген Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері жөніндегі іс-шаралардың орындалғанын куәландыратын құжаттар;

4) барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге (осындайлар бар болса) жарғының (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда , нотариат куәландырған) көшірмесі;

5) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 34-бабының талаптарына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерлерінің лауазымына ұсынылатын адамдардың құжаттары;

б) ең төменгі мөлшері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11751 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 95 қаулысымен бекітілген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының нормативтік мәндері мен пруденциялық нормативтерді есептеу әдістемесін және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді белгілеу жөніндегі нұсқаулықта және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінде

және оларды есептеу әдістемесінде айқындалған жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінің толық төлегенін растайтын құжаттар құрылтайшылардың, акционерлердің оны төлегенін растайтын төлем құжаттары (төлем тапсырмалары, кіріс касса ордерлері), сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік болып табылады;

7) сақтандыру қызметін немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асырудың ішкі қағидалары, олар мыналарды айқындайды:

шаруашылық қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы бөлімшелерінің құрылымын, міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерін;

ішкі аудит қызметінің және басқа да тұрақты жұмыс істейтін органдардың құрылымын, мүшелер санын, міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерін;

көрсетілетін қызметті алушының техникалық (сақтандыру), инвестициялық, кредиттік, операциялық, нарықтық және басқа да тәуекелдерді басқару бойынша саясатын ашатын тәуекелдерді басқару жүйесін;

шаруашылық қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерді қоспағанда, құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтары мен міндеттерін;

көрсетілетін қызметті алушының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің атынан және оның есебінен мәмілелерді жүзеге асырған кездегі өкілеттіктерін;

8) көрсетілетін қызметті алушының ішкі аудит қызметі туралы, мынадай мәліметтер қамтылатын ереже:

ішкі аудит қызметінің құрылымы туралы ақпарат;

ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары;

ішкі аудит қызметінің құқықтары мен міндеттері;

ішкі аудит қызметінің басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-әрекет жасау тәртібі туралы ақпарат;

өзі жүзеге асыратын қызметтің сипаты мен ауқымын ескере отырып, көрсетілетін қызметті алушының бүкіл қызметін немесе бір бөлігін аудиторлық тексеру кезеңділігі;

9) көрсетілетін қызметті алушының штатында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сақтандыру нарығында актуарий қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийдің болуы туралы мәліметтер;

10) акционерлердің жалпы жиналысының исламдық қаржыландыру қағидаттары бойынша кеңесті тағайындау туралы шешімі (исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін);

11) егер Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде көрсетілетін қызметті алушыны мәжбүрлеп тарату кезінде сақтандыру шарттары бойынша сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға көрсетілетін қызметті алушының міндетті түрде қатысуы белгіленген болса, осындай ұйымға қатысу шартының нотариат куәландырған көшірмесі;

12) Заңның және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес дерекқорға қатысуын растайтын құжаттар;

13) көрсетілетін қызметті алушының орналастырылған акцияларының елу пайызынан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама түрде тиесілі немесе сенімгерлік басқаруға берілген жағдайларды қоспағанда, ірі қатысушы - жеке тұлғаның немесе сақтандыру холдингінің бар екенін растайтын құжат (сақтандырудың міндетті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін).

Осы тармақтың бірінші бөлігінде жазылған талаптар жұмыс істеп тұрған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қолданылмайды.

10. Сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша сақтандыру қызметін немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензия беру туралы өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар актуарий қол қойған сақтандыру сыныбы (сыныптары) бойынша бизнес-жоспар.

Сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспарда мынадай ақпарат қамтылады: сақтандыру сыныбы бойынша өтелетін тәуекелдердің негізгі сипаттамалары; сақтандыру портфелінің құрылымындағы сақтандыру сыныбы үлесінің; сақтандыру сыныбы бойынша қызметтер көрсету нарығы сегментінің (нарық көлемінің, әлеуетті сақтанушылардың, географиялық жерінің) негізгі сипаттамалары;

сақтандыру сыныбы шеңберінде сақтандыру өнімдерін өткізу тәсілдерінің негізгі сипаттамалары;

сақтандыру тарифтерін есептеу тәртібіне және олардың экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптар;

осы сақтандыру сыныбы бойынша таяудағы екі жылға арналған пайдалар, шығындар, сақтандыру резервтерінің есептері туралы болжам, шығындылық болжамы, ең нашар және ең жақсы жағдайдағы тәуекелдерді бағалау, пруденциялық нормативтердің сақталу болжамы;

қайта сақтандыру немесе исламдық қайта сақтандыру саясаты (қайта сақтандыру нысандары мен әдістері, қайта сақтандыру ұйымдарын немесе исламдық қайта сақтандыру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары);

инвестициялық саясат.

Инвестициялық саясат жөніндегі ақпаратта мынадай мәліметтер:

инвестициялау мақсаты;

инвестиция түрлері бойынша әртараптандыруды және активтердің сапасын бағалауды қоса алғанда, инвестициялық портфельді және оның кірістілігін қалыптастыру;

активтердің түріне, сондай-ақ сырттан қаражат тартуға қарай инвестициялық шектеулер;

инвестициялық саясатқа жауапты ұйымның адамдары ашып көрсетілуге тиіс.

Актуарий қол қойған сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспарда Заңның 37-бабының 3-тармағында көзделген ақпарат қамтылады және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) нөмірленген және тігілген түрде, соңғы парағының сыртқы жағындағы тігіс түйініне желімделген жапсырма қағазда тігілген парақтардың саны көрсетіле отырып, бір данада беріледі. Сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспардың титул парағында жоғарғы оң бұрышында мынадай айқындама болады: (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы) "Директорлар кеңесі бекітті 20__ жылғы " __ " _____ № __ хаттама".

Сақтандырудың бірнеше сыныбы бойынша сақтандыру қызметін немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алуға өтініш берген кезде сақтандыру сыныптары бойынша бір бизнес-жоспар ұсынылады;

4) егер Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде көрсетілетін қызметті алушыны мәжбүрлеп тарату кезінде сақтандыру шарттары бойынша сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға көрсетілетін қызметті алушының міндетті қатысуы белгіленген болса, осындай ұйымға қатысу шартының нотариат куәландырған көшірмесі;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған акцияларының елу пайызынан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы

холдингке тікелей немесе жанама түрде тиесілі немесе сенімгерлік басқаруға берілген жағдайларды қоспағанда, ірі қатысушы - жеке тұлғаның немесе сақтандыру холдингінің бар екенін растайтын құжат (сақтандырудың міндетті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін);

б) Заңның және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес дерекқорға қатысуын растайтын құжаттар.";

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Сақтандыру қызметін жүзеге асыруға немесе сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуын қамтамасыз етеді.";

14-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтердің электрондық нысаны түрінде көрсетілген уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша іс-шаралардың орындалғанын білдіретін құжаттар), 5), 6), 11), 12) және 13) (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 7) және 8) (электрондық құжаттар түрінде), 9) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтердің электрондық нысаны түрінде) тармақшаларында, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағының 3) (электрондық құжаттар түрінде), 4), 5) және 6) (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) тармақшасында, 11-тармағында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттар электрондық сұратуға қоса беріледі.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы:

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасында алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін растайтын;

Қазақстан Республикасының резидент - заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.";

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе ислам сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында актуарийдің болуы туралы мәліметтер осы қаулыға 30-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 31-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша іс-шаралардың орындалғанын білдіретін құжаттар осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 34-қосымшаға сәйкес бекітілген "Қайта сақтандыру жөніндегі қызметке немесе исламдық қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде:

лицензия берген кезде – 30 (отыз) жұмыс күні ішінде;

лицензияны қайта ресімдеген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті алушыны бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырған жағдайда лицензияны қайта ресімдеген кезде – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияның телнұсқаларын берген кезде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;"

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін мынадай лицензиялық алым төленеді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 500 (бес жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды.

Алымды төлеу қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз нысанда "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.";

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кестесі - сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;"

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы:

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасында алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін растайтын;

Қазақстан Республикасының резидент - заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.";

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 35-қосымшаға сәйкес бекітілген "Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде:

лицензия берген кезде – 30 (отыз) жұмыс күні ішінде;

лицензияны қайта ресімдеген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті алушыны бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырған жағдайда лицензияны қайта ресімдеген кезде – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияның телнұсқаларын берген кезде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;"

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін мынадай лицензиялық алым төленеді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 300 (үш жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды.

Алымды төлеу қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз нысанда "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.";

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кестесі - сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;"

9-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша брокерлік қызмет түрлері шегінде лицензия беру өтініш;" ;

б) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру шарттарын жасау бойынша делдалдық қызметті жүзеге асыру тәртібін көздейтін ішкі жұмыс регламенті.";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге брокерлік қызметтің қосымша түрі бойынша сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны алу үшін өтініш білдірген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 1), 2), 4), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсыну қажет.";

12-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы:

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасында алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін растайтын;

Қазақстан Республикасының резидент - заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.";

Аталған мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 35-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Аталған мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 36-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 44-қосымшаға сәйкес бекітілген "Банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруына немесе сатып алуына және (немесе) банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі алым мөлшерлемесі 50 (елу) айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Алымды төлеу қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз нысанда "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.";

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кестесі - сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;"

9-тармақтың бірінші бөлігінің 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, рұқсат беру үшін алымның төленгенін растайтын құжат;"

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иеленетін еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсатты алу үшін көрсетілетін қызметті алушы - банк көрсетілетін қызметті берушіге осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2), 3), 4), 5), 8), 10), 11), 12) және 14)

тармақшаларында көзделген құжаттарды қоса бере отырып өтінішті, сондай-ақ мыналарды ұсынады:

1) тиісті өтінішті берудің алдындағы соңғы аяқталған тоқсан үшін еншілес ұйымның қаржылық есептілігі – еншілес ұйымды сатып алған жағдайда;

2) қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын күмәнді және үмітсіз активтердің сапасын жақсарту бойынша бизнес-жоспар мен іс-шаралар жоспары;

3) пруденциялық нормативтердің және бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерді иеленуші еншілес ұйымның болуын болжаудың нәтижесінде банктердің сақтауы міндетті басқа міндетті басқа да нормалар мен лимиттердің есебі, оның ішінде уәкілетті орган белгілеген шоғырландырылған негізде.";

11-тармақта:

бірінші бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3), 6), 7), 8), 10), 11) және 12) тармақшаларында көзделген құжаттар;"

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушы - банк Қазақстан Республикасының резидент - банкінің капиталына көрсетілетін қызметті алушы - банктің елеулі қатысуына рұқсат алуға өтініш (банк холдингінің мәртебесін иелену туралы өтініш) не банк холдингі Қазақстан Республикасының резидент – банкінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының капиталына елеулі қатысуға рұқсатты алу үшін өтініш берген жағдайда, рұқсат алу үшін алымды төлегенін растайтын құжатты қоспағанда, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.";

13-тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

3) бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иеленетін еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге рұқсат алу үшін:

осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2), 3), 4), 5), 8), 10), 11), 12) және 14) тармақшаларында көзделген құжаттар мен мәліметтер, сондай-ақ:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген, электрондық сұратуға қоса берілетін құжаттар (электрондық құжаттар түрінде);

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген, электрондық сұратуға қоса берілетін құжаттар (PDF форматтағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде);

4) көрсетілетін қызметті алушы ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат алу үшін:

осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3), 4), 6), 7), 8), 10), 11) және 12) тармақшаларында көрсетілген құжаттар.";

14-тармақта:

2) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға әкеп соққан, банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымын басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, қаржы ұйымының ірі қатысушысы - жеке тұлға, ірі қатысушысы (банк холдингі) - заңды тұлғаның басшысы болған. Аталған талап қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға әкеп соққан, банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданғаннан кейін не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады;"

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің уәкілетті органның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелеріне, оның ішінде еншілес ұйымның қызметіне байланысты тәуекелдерге қатысты талаптарына сәйкес келмеуі;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) өтініш берілген күні және құжаттарды қарау кезеңінде банкте және (немесе) банк холдингінде және (немесе) иелену болжанған еншілес ұйымда қолданыстағы қадағалап ден қою шараларының және (немесе) 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 213-бабының алтыншы, сегізінші бөліктерінде, 227-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік шаралардың болуы;"

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, оның ішінде бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иеленуші

еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат алуға өтініш осы қаулыға 40-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еншілес ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсыныс жасалған кандидаттар) туралы ақпарат осы қаулыға 41-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ұйымның капиталына қомақты қатысуына рұқсат алуға өтініш осы қаулыға 42-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының капиталына қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымдарына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылып отырған кандидаттар) туралы ақпарат осы қаулыға 43-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 45-қосымшаға сәйкес бекітілген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің еншілес ұйымды құруына немесе иеленуіне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі алым мөлшерлемесі 50 (елу) айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Алымды төлеу қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз нысанда "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.";

9-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, рұқсат беру үшін алымның төленгенін растайтын құжат;"

10-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3), 6), 7), 8), 10), 11) және 12) тармақшаларында көзделген құжаттар;"

11-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

3) ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының осы тармағының 2) тармақшасына сәйкес 9-тармағының 3), 6), 7), 8), 10), 11) және 12)

тармақшаларында және 10-тармағының 3) тармақшасында (құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көзделген құжаттар.";

12-тармақта:

2) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға әкеп соққан, банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданғанға дейін не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымын басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, қаржы ұйымының ірі қатысушысы - жеке тұлға, ірі қатысушысы (сақтандыру холдингі) - заңды тұлғаның басшысы болған. Аталған талап қаржы ұйымын мәжбүрлеп таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға әкеп соққан, банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданғаннан кейін не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) өтініш берілген күні және құжаттарды қарау кезеңінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында және (немесе) банк холдингінде және (немесе) иелену болжанған еншілес ұйымда қолданыстағы қадағалап ден қою шараларының және (немесе) 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 227, 229, 230-баптарында, 239-бабының төртінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік шаралардың болуы;"

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еншілес ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлері лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсынылған кандидаттар) туралы ақпарат осы қаулыға 44-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің капиталына қомақты қатысуы

бар ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлері лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсынылған кандидаттар) туралы ақпарат осы қаулыға 45-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 46-қосымшаға сәйкес бекітілген "Қазақстан Республикасының резидент-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.";

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері: олар тапсырылған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – Қазақстан Республикасының резидент-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат беру не осы көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандартының 11-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.";

9-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) айналыстағы бағалы қағаздар (борыштық бағалы қағаздар үшін) шығару шарттарын (оның ішінде сыйақы төлеу немесе бағалы қағаздары өтеу жөніндегі міндеттемелерін) уақтылы кезінде орындамау немесе орындамау фактілерінің болмауы, сондай-ақ айналыстағы бағалы қағаздардың (акцияларды қоспағанда) делистинг жағдайларының болмауы туралы ақпаратты көрсете отырып, ақпараттық жүйелерде орналастырылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім берумен еркін нысанда жасалған, шет мемлекеттің аумағындағы көрсетілетін қызмет алушының эмиссиялық бағалы қағаздарын шығаруға және (немесе) орналастыруға рұқсат беру туралы, электрондық нысандағы, көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған сұрау салу;"

10-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2) тармақшасында (электрондық құжат түрінде), 3), 4) және 5) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттың электрондық көшірмелері түрінде), үшінші және төртінші бөліктеріндегі (электрондық құжаттар түрінде) көрсетілген құжаттар электрондық құжат нысанда жасалған, көрсетілетін қызметті алушының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат беру туралы сұрау салуға қоса беріледі.";

көрсетілген қаулыға 47-қосымшаға сәйкес бекітілген "Шет мемлекеттің аумағындағы Қазақстан Республикасының резидент-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шығаруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.";

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері: олар тапсырылған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – Қазақстан Республикасының резидент-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында шығаруға рұқсат беру не осы көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандартының 11-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.";

9-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) айналыстағы бағалы қағаздар (борыштық бағалы қағаздар үшін) шығару шарттарын (оның ішінде сыйақы төлеу немесе бағалы қағаздары өтеу жөніндегі міндеттемелерін) уақтылы кезінде орындамау немесе орындамау фактілерінің болмауы, сондай-ақ айналыстағы бағалы қағаздардың (акцияларды қоспағанда) делистинг жағдайларының болмауы туралы ақпаратты көрсете отырып, ақпараттық жүйелерде орналастырылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім берумен еркін нысанда жасалған, шет мемлекеттің аумағындағы көрсетілетін қызмет алушының эмиссиялық бағалы қағаздарын шығаруға және (немесе) шығаруға рұқсат беру туралы, электрондық нысандағы, көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған сұрау салу;"

10-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2) тармақшасында (электрондық құжат түрінде), 3), 4) және 5) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттың электрондық көшірмелері түрінде), үшінші және төртінші бөліктеріндегі (электрондық құжаттар түрінде) көрсетілген құжаттар электрондық құжат нысанда жасалған, көрсетілетін қызметті алушының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында шығаруға рұқсат беру туралы сұрау салуға қоса беріледі.";

көрсетілген қаулыға 53-қосымшаға сәйкес бекітілген "Уәкілетті ұйымдарға қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 46-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.03.2020 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.03.2020 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.03.2020 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.03.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Ұйымдастыру жұмысы және бақылау басқармасы (Итимгенов А.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы, осы қаулының 1-тармағының алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізілетін екінші, отыз бесінші – бір жүз алпысыншы, екі жүз он жетінші – алты жүз жетпіс алтыншы, жеті жүз тоғызыншы – жеті жүз сексен төртінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 7 ақпандағы
№ 26 қаулысына
1-қосымша
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 71 қаулысына
3-қосымша

"Микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – микроқаржылық ұйымына оны микроқаржылық ұйымдардың тізіліміне енгізу туралы хабарлама не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 11-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі тіркеу алымының мөлшерлемесі 10 (он) айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар алым төлеуді қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырады.

8. Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш беруге уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған өтініш;

2) жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша меншікті капиталдың ең төменгі мөлшерін сақтау туралы мәліметтер;

3) ішкі бақылау қызметі туралы ереже (бар болса);

4) мыналарды:

микроқаржылық ұйым қызметінің стратегиясын;

микроқаржылық ұйым бағдарланған нарық сегментінің айқындамасын (қызметтерді әлеуетті тұтынушылар, ағымдағы жағдай және олардың нарықтағы үлесінің серпінді болжамы);

қызмет түрлерін (микрокредит беру, микрокредиттерді беру қызметіне байланысты мәселелер жөнінде консультациялық қызметтер көрсету және (

немесе) "Микроқаржы ұйымдары туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабында (бұдан әрі – Заң) көзделген қызметтің басқа түрі);

ағымдағы ахуалдың талдауын, қызметтердің жарнамасын, көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз ету шараларын, тұтынушылардың қажеттіліктерін қалыптастыру және ынталандыру шараларын қамтитын маркетинг (клиентураны қалыптастыру) жоспарын;

ұйымның қызметін қаржыландыру көздерін (құрылтайшылар қаражаты, тартылған қаражат, гранттар немесе басқа қаражат) ашып көрсететін бизнес-жоспар;

5) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-қосымшасына сәйкес нысандар бойынша көрсетілетін қызметті алушының құрылтайшысы (қатысушысы) туралы мәліметтер өтініш берген күннің алдындағы күнгі жағдай бойынша;

6) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша атқарушы органның бірінші басшысы (мүшелері), бас бухгалтері (бар болса) туралы мәліметтер өтініш берген күннің алдындағы күнгі жағдай бойынша;

7) микроқаржылық ұйымның жоғары органы бекіткен микрокредиттер беру қағидаларының көшірмесі;

8) мемлекеттің қатысуы бар кредиттік бюромен "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған ақпарат беру туралы шарттың көшірмесі;

9) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, микроқаржылық ұйымның есептік тіркеуден өткені үшін алым төлегенін растайтын құжат;

10) берілген микрокредиттер бойынша кірісті және корпоративтік табыс салығының есептелген сомасын көрсететін соңғы үш жылдағы салық декларациясының көшірмесі (микрокредиттік ұйымдарды қайта тіркеу немесе қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған микроқаржылық ұйымдар ұсынады).

Микроқаржылық ұйым өтініште көрсетілген орналасқан жерінің өзгергені туралы көрсетілетін қызметті берушіге осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей хабарлайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көрсетілген құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, микроқаржылық ұйым осындай өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге өзгертілген және (немесе) толықтырылған құжаттарды ұсынады.

10. Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес мәліметтердің электрондық нысаны түрінде), 3), 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көзделген құжаттар өтінішті беруге уәкілетті адамның ЭЦҚ-мен куәландырылған өтінішке қоса беріледі және микроқаржылық ұйым портал арқылы ұсынады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

11. Мыналар:

1) ұсынылған құжаттардың осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарда көрсетілуге тиіс дәйексіз мәліметтерді және ақпаратты ұсынуы;

3) егер микроқаржылық ұйым әділет органдарында мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күнінен бастап бір жыл ішінде есептік тіркеуден өту туралы өтініш жасамаса;

4) егер микроқаржылық ұйымның басшысында немесе құрылтайшыларының бірінде өтелмеген немесе алынбаған соттылығы болса, сондай-ақ тұлға бұған дейін уәкілетті орган осы микроқаржылық ұйымды тізілімнен шығару туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан бұрын аспайтын кезеңде қаржы ұйымының бірінші басшысы немесе құрылтайшысы болып табылған жағдайда;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 10) тармақшасында көзделген құжаттарды ұсынбауы;

6) Заңның 31-бабының 1-тармағында белгіленген мемлекеттік қайта тіркеу мерзімінің сақталмауы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 11-тармағының 1), 2), 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша есептік тіркеуден бас тартылған жағдайда, микроқаржылық ұйым ретінде тіркелген заңды тұлға есептік тіркеуден бас тартуды алған күннен кейін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеуден өтуге қайтадан өтініш береді.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

12. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, сондай-ақ қалауына қарай әкесінің аты (ол бар болса), пошталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның оның атауы, пошталық мекенжайы, жіберілген нөмірі мен күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинеттен" шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

13. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz ресми интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz ресми интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

"Микроқаржылық ұйымдарды
есептік тіркеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша
Нысан

(көрсетілетін қызметті
берушінің толық атауы)

(көрсетілетін қызметті
алушының толық атауы)

**Өтініш Микроқаржылық ұйым ретінде есептік тіркеу жүргізуді сұраймын.
Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер:**

1. Көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері

(индексі, қаласы, ауданы, облысы, көшесі, үйдің, офистің нөмірі)

(телефон, факс, электрондық пошта мекенжайы, бар болса интернет-ресурсы)

2. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, даналарының және олардың
әрқайсысындағы

парақ саны:

—

Өтінішке қоса берілген құжаттарды және ақпаратты тексергенімді және оның дәйекті және толық екендігін растаймын.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтердің пайдаланылуына келісемін.

Өтініш беруге уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы

"Микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

Меншікті капиталдың ең төменгі мөлшерін сақтау туралы мәліметтер

Микроқаржылық ұйымдардың атауы	Күні	Меншікті капиталдың мөлшері (мың теңге)
1	2	3

"Микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша
1-нысан

Көрсетілетін қызметті алушының құрылтайшысы (қатысушы) туралы мәліметтер (заңды тұлға үшін) _____

_____ (көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)

1. Көрсетілетін қызметті алушының құрылтайшысы (қатысушы)

_____ (толық атауы)

Орналасқан жері _____

(пошталық индексі, мекенжайы)

Байланыс деректемелері

_____ (телефон және факс нөмірлері, электрондық пошта (ол бар болса) мекенжайы)

Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

(құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні, кім берді)

Қазақстан Республикасының резиденті (бейрезиденті)

Қызметтің негізгі түрі

2. Көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына қатысу үлесі

3. Көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына қатысу үлесіне ақша енгізу алдындағы көрсетілетін қызметті алушы құрылтайшысының (қатысушысының) меншікті капиталының мөлшері және көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына қатысу үлесін төлеуге енгізілген сома

4. Заңды тұлғалардың толық атауын және тұрған жерін көрсете отырып, қатысушы, акционер ретінде көрсетілетін қызметті алушы құрылтайшысының (қатысушысының) өзге заңды тұлғалар құруға және қызметіне қатысуы туралы мәліметтер:

5. Ұйымдардың толық атауларын, орналасқан жерлерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының құрылтайшысы (қатысушысы) қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы мәліметтер:

6. Көрсетілетін қызметті алушы құрылтайшысының (қатысушысының) басшысы туралы мәліметтер:

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

20 __ жылғы " ____ " _____

Көрсетілетін қызметті алушы құрылтайшысы (қатысушысы) басшысының
қолы

2-нысан

Көрсетілетін қызметті алушының құрылтайшысы (қатысушысы) туралы
мәліметтер
(жеке тұлға үшін)

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)

1. Көрсетілетін қызметті алушының құрылтайшысы (қатысушы) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

Туған күні

Азаматтығы _____

Жеке басын куәландыратын құжат деректері

(құжаттың атауы, нөмірі, сериясы және берілген күні, кім берді)

Тұрғылықты жері _____

(пошталық индексі, мекенжайы)

Байланыс деректемелері

(телефон нөмірі, электрондық пошта (ол бар болса) мекенжайы)

Жұмыс орны (мекенжайын көрсете отырып), лауазымы

2. Көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталдағы қатысу үлесі

3. Заңды тұлғалардың толық атауларын және орналасқан жерлерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушы құрылтайшысының (қатысушысының) қатысушы, акционер ретінде өзге заңды тұлғаларды құруға және қызметіне қатысуы туралы мәліметтер:

4. Өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы туралы мәліметтер:

5. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның осы микроқаржылық ұйымды тізілімнен шығару туралы шешім қабылдағанға дейін бір жыл бұрыннан аспайтын кезеңде тұлғаның бұған дейін микроқаржылық ұйымның бірінші басшысы немесе құрылтайшысы болып табылғандығы туралы мәліметтер.

20 __ жылғы " __ " _____

Көрсетілетін қызметті алушы құрылтайшысының (қатысушының) қолы

"Микроқаржылық ұйымдарды
есептік тіркеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
4-қосымша
Нысан

Атқарушы органның бірінші басшысы (мүшелері), бас бухгалтері (бар болса) туралы мәліметтер _____

_____ (көрсетілетін қызметті алушы
қызметкерінің лауазымы және көрсетілетін қызметті алушының атауы
көрсетіледі)

1. Жалпы мәліметтер:

--	--

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	_____ _____ _____ (жеке басын куәландыратын құжатқа толық сәйкес, тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда - олардың қашан және қандай себеппен өзгертілгенін көрсету керек)
Туылған күні және жері	_____ _____
Тұрақты тұратын жері, телефон нөмірлері	_____ _____ (толық мекенжайын, елді-мекеннің кодын қоса алғанда, қызметтік, үйінің, байланыс телефондарының нөмірлерін көрсету керек)
Азаматтығы	_____
Жеке басын куәландыратын құжаттың толық деректемелері	_____ _____ _____

Көрсетілетін қызметті алушының қатысушы, акционер ретінде өзге заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы мәліметтер:

№	Заңды тұлғаның атауы және тұрған жері	Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері	Лауазымды тұлғаның заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі, заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының жалпы санына лауазымды тұлғаға тиесілі акциялардың пайыздық арақатынасы

2. Кәсіби деректері:

Білімі, оның ішінде жұмыс бейініне сәйкес келетін кәсіби білімі	_____ _____ _____ (оқу орнының, факультеттің немесе бөлімнің атауы мен орналасқан жерін, оқу кезеңін, берілген біліктілікті, білімі туралы дипломның деректемелерін көрсету керек)
Қосымша білімі, оның ішінде жұмыс істейтін саладағы біліктілікті көтеру курстары, ғылыми дәрежесі	_____ _____ _____ (оқу орнының атауы мен орналасқан жерін, оқу кезеңін, білімі туралы дипломның деректемелерін, сертификатты, куәлікті көрсету керек)
Жетістіктері	_____ _____ (осы мәселе бойынша ақпарат көрсету керек: мысалы, ғылыми жарияланымдарының аты, ғылыми эзирлемелерге, заң жобаларына қатысуы және басқалары)
Осы мәселеге қатысы бар басқа ақпарат	_____ _____ (кандидаттың кәсіби құзыреттілігін сипаттайтын ақпарат көрсетіледі)

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

№	Жұмыс кезеңі (айы/жылы)	Ұйымның атауы, атқаратын лауазымдары және лауазымдық міндеттері

3. Басқа мәліметтер:

Өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы	И ә / ж о қ (егер иә деген жауап болса, онда қылмыстық жауаптылыққа тартылғаны туралы үкімнің күнін және нөмірін, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің не Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексінің бабын көрсету керек)
Қадағалау органдарының Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетугі туралы деректердің болуы	Иә/жоқ (егер иә деген жауап болса, онда осындай шара қолданған органның атауын және қолдану күнін көрсету керек)
Бұрын, Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган осы микроқаржы ұйымын тізілімнен шығару туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде микроқаржы ұйымының бірінші басшысы немесе құрылтайшысы болып табылғандығы туралы мәліметтер	Ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі
Қаржы қызметтерін көрсету мәселелері жөнінде сот талқылауына микроқаржы ұйымының басшысы ретінде жауапқа тартылды ма	(күнін, сот талқылауындағы жауапкер-ұйымның атауын, қаралған мәселені және соттың шешімін көрсету керек)
Осы мәселеге қатысы бар басқа ақпарат	(еркін түрде көрсетіледі)

Мен, _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

осы ақпаратты тексергенімді және оның дәйекті және толық екендігін растаймын _____.

(қолы, күні)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 7 ақпандағы
№ 26 қаулысына
2-қосымша
"Қаржы ұйымдарының, банк,
сақтандыру холдингтерінің,
"Сақтандыру төлемдеріне
кепілдік беру қоры" акционерлік
қоғамының басшы
қызметкерлерін тағайындауға
(сайлауға) келісім беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
қосымша
Нысан

фотосурет
орны

Басшы қызметкер лауазымына үміткер туралы мәліметтер _____
_____ (қаржы
ұйымының, холдингінің, Қордың атауы) _____
_____ (тегі, аты әкесінің аты (ол бар
болса))

1. Жалпы мәліметтер:

Туған күні және жері
Азаматтығы
